МАҢҒЫСТАУМҰНАЙГАЗ MANGISTAUMUNAIGAZ
ҚазМұнайГаз CNPC
# Мұнайлы өлке
Газет 2009 жылдың 01 мамырынан шығады
www.mmg.kz
"Маңғыстаумұнайгаз" акционерлік қоғамының газеті
№10 (85), қараша, 2016 жыл

# БАСТАУЫШ ПАРТИЯ ҰЙЫМЫ – КОМПАНИЯДАҒЫ ҚОЗҒАУШЫ КҮШ

**19 қазан күні «Қаламқасмұнайгаз» өндірістік басқармасында, 20 қазанда «Жетыбаймұнайгаз» өндірістік басқармасы топтық партия ұйымдарында «Нұр Отан» партиясы «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ бастауыш партия ұйымының есеп беру, сайлау жиналыстары өткізілді.**





Күн тәртібіндегі мәселе бойынша «Нұр Отан» партиясы «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ бастауыш партия ұйымының төрайымы Қымбат Иманқұлова ұйымның 2014-2016 жылдардағы атқарған жұмысы туралы есеп берді.

«Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамының бастауыш партия ұйымы Қоғамның аппараты, Жетыбай және Қаламқас партия топтарынан біріктірілген. Ұйым құрамында 1300 партия мүшесі бар. Бүгінгі таңда партия мүшелері жалпы жұмысшылардың төрттен бірін құрайды

Бастауыш партия ұйымының қатарын жас мамандармен толықтыру жұмыстары үнемі назарда ұсталады. Жетыбай, Қаламқас өндірістік басқармаларындағы топтық ұйымы жалынды жастармен толықтырылған. Жас партия мүшелері компаниядағы қоғамдық-саяси шараларға белсене араласып, нағыз қозғаушы күшке айнала білді.

Бастауыш партия ұйымы бірінші кезекте жұмыс орындарында жоғары өндіріс мәдениетін қалыптастыру арқылы моральдық-психологиялық ахуалдың жақсаруына баса назар аударып келеді. Қоғам жұмысшыларының күнделікті сапалы тамақтануынан бастап, жұмыстан бос уақытты тиімді де мазмұнды ұйымдастыру және әрбір жұмысшының шығармашылық жұмыстармен айналысуына да тиісті дәрежеде жағдай жасалуына араласу, партиялық бақылау орнату – бастауыш партия ұйымы қызметінің басым бағыты болып табылады. Сонымен бірге, жұмысшылардың арыз-шағымдарына байланысты қабылдаулар өткізу, еңбек және соғыс ардагерлері мен әлеуметтік жағдайы төмен отбасыларға қайырымдылық көмектер көрсету ұдайы



назарда.

Баяндамашы компаниядағы белсенді жастардың басын біріктірген Жас мамандар Кеңесінің жұмысына да оң баға берді.

2016 жылы 20 наурызда өткен жергілікті маслихаттардың депутаттарын сайлаудың нәтижесінде бастауыш партия ұйымынан 4 партия мүшесі аудандық маслихаттардың, 2 партия мүшесі облыстық маслихаттың депутаты болып сайланған. Депутаттар партиялық фракция мүшелері ретінде «100 нақты қадам» ұлттық жоспардың орындалуына белсене араласуда.

Қымбат Тезекбайқызы 2016 жылдан бастап қабылданған партия мүшелерінің жарналары өңірде, оның ішінде бастауыш партия ұйымының иелігінде қалатыны жөнінде қабылданған шешімді партия мүшелерінің назарына берді. Бұл да партия қызметіндегі ынталандырушы тетіктердің бірі болып есептеледі. Биыл топтық партия ұйымдарында жаңадан 350 адам партия мүшелігіне қабылданды. Аталмыш кезеңде 2 миллион 300 мың теңге партиялық жарна аударылды, оның 500 мың теңгесі биылғы партия қатарына өткендер есебінен қосылған. Жыл аяғында аталған шешім жүзеге асқан жағдайда бастауыш партия ұйымына берілетін мүшелік жарнаны партия белсенділерін марапаттауға, бұқаралық шараларды өткізуге және басқа ағымдағы шығындарға пайдалану жоспарланған.

«Нұрлы жол - болашаққа бастар жол» бағдарламасы өркендеудің негізгі базасы болып табылады. Бұл орайда бастауыш партия ұйымдарының атқарар ролі зор екенін ескерсек, «Нұр Отан» партиясы «Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамы бастауыш партия ұйымы да игілікті істердің ұйытқысы болып қала бермек.



Сонымен қатар кенорындарындағы партия ұйымының жұмысы туралы «Қаламқасмұнайгаз» өндірістік басқармасы топтық партия ұйымының жетекшісі Нұрпейіс Сәрсенбай, «Жетібаймұнайгаз» өндірістік басқармасы топтық партия ұйымының төрағасы Бақтығали Жаңабаев есеп берді.

Жиналысқа қатысқан партия мүшелері бастауыш және топтық партия ұйымдарының жұмысына қанағаттанарлық баға берді.

Сондай-ақ есеп беру-сайлау жиынында «Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамы бастауыш партия ұйымының және партия топтарының төрағалары мен оның орынбасарлары, бюросы және «Нұр Отан» партиясы Ақтау қалалық филиалының XXV конференциясына делегаттар сайланды. «Жетыбаймұнайгаз» өндірістік басқармасының жұмысшы-қызметкерлердің ішінен «Нұр Отан» партиясының қатарына өткен 64 партия мүшесінің партия билеттері салтанатты түрде табыс етілді.

Жиналыста ішкі партиялық, саяси-идеологиялық жұмысты ұйымдастыру, Қоғамдағы жұмысшы-қызметкерлердің әлеуметтік жағдайын жақсартуға байланысты жұмыстарға баса назар аударып отыру туралы қаулы қабылданды.

**Е. Айтбаев**

*Ішкі коммуникация*

# МҰНАЙШЫ МҮДДЕСІ – БАСТЫ НАЗАРДА

**«Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамының ішкі коммуникациялар Ережесіне сәйкес әр тоқсан сайын компания басшысының қызметкерлерді жеке мәселелер бойынша қабылдауы көзделген. Осыған орай, 20 қазан күні «Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамының бас директоры Бақыт Алтайұлы Иманбаев қоғам қызметкерлерінің жеке мәселелері бойынша кезекті қабылдауын өткізді.**

2016 жылдың 3-ші тоқсанында басшының қабылдауына 78 қызметкер жазылған. Қабылдауда қызметкерлер тарапынан көтерілген басты мәселелердің бірі - жанұя мүшелерін, соның ішінде зейнекерлік демалысы жақындаған мұнайшылардың балаларын өздерінің орнына компанияға жұмысқа алу болды. Аталмыш мәселе бойынша Б.Иманбаев «ҚазМұнайГаз» ҰК» акционерлік қоғамының Ұлттық компанияға қарасты кәсіпорындарында шеттен адамдарды жұмысқа алуға мораторий жарияланғанын, мораторий біткенше осыған байланысты Копанияға жұмысқа алу мәселесін шешу мүмкін еместігін, алайда тұрмыс жағдайы ауыр отбасыларына Компанияға қызмет көрсетіп отырған аутсорсингтік компанияларға жұмысқа орналастыру мүмкіндігі қарастырылатынын айтты.

Сондай-ақ кездесуде мұнайшылар жанұялық жағдайына, денсаулығына байланысты компания ішінде жұмыс орнын алмастыру, тұрмыстық жағдайына байланысты материалдық көмек, біліктілігіне сәйкес кәсіби деңгейін бағалау, лауазымын жоғарлату мәселелерін көтерді.

Бас директордың қабылдауына келген әрбір қызметкердің көтерген мәселесінің біразы сол жерде шешілді, ал лезде шешілмейтін, қосымша анықтауды талап ететін өтініштер бойынша жауапты мамандарға нақты тапсырмалар берілді.

Басшылардың қызметкерлерді жеке мәселелері бойынша қабылдау – ішкі коммуникация құралдарының жұмыс беруші мен қызметкерлер арасында ашық диалог орнатуға, сол арқылы Компания ұжымындағы бірлік пен ынтымақты нығайтуға арналған құрал. Осындай игі шаралар, Компания ұжымын берекелі үйлесімде еңбек етіп, жоғары жетістіктерге жетуге, жаңа биіктерді бағындыруға жетелейтіні сөзсіз.

*Модернизация*

# ТЕХНОЛОГИИ ВИРТУАЛИЗАЦИИ

**Внедрение электронного документооборота, переход на электронную почту MS Outlook, расширение модулей системы Галактика ERP, внедрение ЕСОТ – для успешной реализации и функционирования всех этих задач требуются большие серверные мощности. На сегодняшний день на различных объектах Общества установлено 40 серверов. А рост числа серверов требует обеспечения дополнительными серверными помещениями с постоянным охлаждением и источниками бесперебойного электропитания.**

Для решения этой проблемы, ДАИТиС пошёл по двум направлениям:

На месторождениях Каламкас и Жетыбай, а также в городском офисе, в процессе внедрения беспроводных технологий в области передачи данных, улучшения качества и повышения пропускной способности каналов передачи данных, применения современных волоконно-оптических линий связи, специалистами ДАИТиС было ликвидировано в общей сложности 12 серверов, установленных в цехах ПУ «Каламкасмунайгаз» и «Жетыбаймунайгаз», а также в офисе Общества.

В то же время в 2014 году специалисты группы сетевого и системного администрирования отдела компьютерных сетей и коммуникаций ДАИТиС внедрили, при помощи подрядчика ТОО «Corporate Business Systems», современную технологию виртуализации на платформе программного обеспечения Vmware и двух комплексов IBM Blade-центров (система лезвий) и 2-х систем хранения данных (далее СХД).

Система виртуализации подразумевает размещение многих серверов на одном серверном оборудовании, в нашем случае это 2 Blade-центра и 2 СХД. Преимущества системы виртуализации заключаются в уменьшении стоимости серверного оборудования и повышении надежности системы питания и охлаждения, сокращении количества коммутационных проводов, повышении удобства управления системой и т.д.

В настоящий момент в АО «Мангистаумунайгаз» на Blade-центрах выполняется множество задач, в том числе, - система электронного документооборота SmartDoc, система Галактика ERP, терминальный сервер для ускорения удаленной работы пользователей с модулями Галактика ERP, сервер для передачи данных из Галактика ERP на сервер ЕСОТ в АО НК «Казмунайгаз» и др,

Таким образом, внедрение виртуализации позволило высвободить большое количество устаревшей серверной техники, освободить целую серверную комнату и компактно разместить множество вышеперечисленных систем на 2-х физических устройствах.

*Повышение квалификации*

# УЧЕНЬЕ СВЕТ



В рамках проекта «Институт внутренних тренеров» АО «НК «КазМунайГаз» на базе АО «Мангистаумунайгаз», состоялась серию семинаров-тренингов силами внутренних тренеров - работников АО «НК «КазМунайГаз». Семинары были посвящены темам: «Нефтегазовое дело», «Интегрированная система управления» и «Техника перевода официальных документов с государственного языка и обратно» для работников ТОО «OSC», ТОО «OCC», ТОО «Мунайтелеком», ТОО «Мангыстауэнергомунай», ТОО «Казмунайтениз», ТОО «НМСК «Казмортрансфлот» и АО «Мангистаумунайгаз». В обучающих мероприятиях приняло участие порядка 110 человек.

- Я принимал участие на семинаре «Техника перевода официальных документов с государственного языка и обратно», - говорит специалист по подготовке кадров ДУЧР Бекеш Кадыров. – Считаю, что подобные тренинги необходимо проводить ежегодно в обязательном порядке для всех работников, занимающихся документацией. Очень профессионально и качественно провели обучение внутренние тренера АО «НК «КМГ», предоставили много материалов и учебных пособий. Сам семинар проводился полностью на казахском языке, что способствовало развитию грамотной речи.

Кроме того, в целях развития культуры активного обучения, в 2017 году совместно с Корпоративным Университетом «Самрук-Казына» ДУЧРиСП планирует проведение дистанционного обучения «E-learning».

«E-learning» - это портал, содержащий интерактивные лекции преподавателей ведущих мировых бизнес-школ, топ-менеджеров и предпринимателей по менеджменту, маркетингу, основам публичных выступлений, финансам, управлению персоналом и др. А так же специализированные курсы в формате интерактивных презентаций, тренажеров и видео-лекций, практические задания, тесты и кейсы, которые помогут отработать прикладные навыки по каждой теме.

*Еңбек қауіпсіздігі*

# ӨНДІРІСТІК КЕҢЕСТІҢ ОТЫРЫСЫ

**Қазіргі уақытта біздің ұйымда еңбек заңнамасының еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау мәселелері бойынша нормаларын сақтау үлкен мәнге ие болып отыр, өйткені оған қызметкерлердің әлеуметтік қорғалуы, олардың денсаулығы мен өмірлерінің сақталуы тікелей байланысты.**

**Еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау саласындағы талаптарын сақтауда өндірістік кеңестің атқаратын жұмысы өте зор. Компанияның өндірістік басқармаларында еңбекті қорғау жөніндегі 37 техникалық еңбек инспекторы сайланып, өндірістік Кеңестің шешімімен бекітілді.**



Еңбекті қорғау жөніндегі техникалық еңбек инспекторы – бұл еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау ережелері мен нормалары талаптарын сақтауға қоғамдық бақылау жүргізудің негізгі және ең бұқаралық буыны. Өзінің өндірістік бөлімшесінде қызметкерлердің арасында үнемі болатын олар өндірістік процеске қатысушылардың еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау қатынастарындағы мәселелеріне тиімді ықпал ете алады. Сондықтан да техникалық еңбек инспекторларының еңбекті қорғау жөніндегі сауаттылығы, олардың белсенді қызметі қызметкерлердің еңбекке қабілеттілігі мен денсаулығын, өмірін сақтауда көрнекті рөл атқарады.

Осы жылдың шілде айында «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ басшысы мен «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ қызметкерлерінің жергілікті кәсіптік одағы қоғамдық бірлестігі төрағасының Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексінің 203 бабы негізінде, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау бойынша Өндірістік кеңес құру туралы №98 18.07.2016ж. өкімі бекітілді. Өкім «Өндірістік кеңес туралы Ережесіне» сәйкес, жұмыс беруші мен жұмыскерлердің еңбекті қорғау талаптарын қамтамасыз ету, өндірістік жарақаттану мен кәсіптік аурулардың алдын-алу жөніндегі бірлескен іс-қимылдарын ұйымдастырып, сондай-ақ техникалық еңбек инспекторларының жұмыс орындарындағы еңбек жағдайлары мен еңбектің қорғалуына тексеру жүргізуін ұйымдастыру үшін құрылды.

28 қазан күні Қоғамның өндірістік Кеңесінің алғашқы жиналысы ұйымдастырылды. Жиналыста Қоғамның қауіпсіздік және еңбекті қорғау жұмыстары бойынша 2016 жылғы 9 айдың жұмыс қорытындысының есебі тыңдалды.

Сонымен қатар қоғамдық Кеңес жиналысында орыс тіліндегі мамандық және жұмыс түрі бойынша қауіпсіздік және еңбекті қорғау нұсқамалар жинағын, «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ «Қауіпсіздік және еңбекті қорғау өндірістік кеңесі» туралы ережелерін (ПО-3525) ж/е (П-35-59)мемлекеттік тілге аудару, техникалық инспекторларды қауіпсіздік және еңбекті қорғау талаптары бойынша оқыту, өндірістік кеңес жетекшілері мен кеңес мүшелерін Қауіпсіздік және еңбекті қорғау талаптары бойынша оқыту, біліктілігін арттыру және басқа мекемелермен тәжірибе алмасу жұмыстарын жүргізу, кеңес жиналысының өткізілу кестесін бекіту, Қаламқас және Жетібай кенорны қауіпсіздік және еңбекті қорғау сұрақтары бойынша көшпелі жиналыс өткізу, техникалық инспекторлармен кездесу ұйымдастыру және құрылымдық Еңбекті қорғау күнін белгілеу, тағы да басқа мәселелер талқыланып, шешімдер қабылданды.

Жалпы өндірістік Кеңес пен техникалық еңбек инспекторларының өндірістегі еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау талаптарын сақтауға бақылауды жүргізу, ұйымдастыру және жұмыскерлердің еңбекті қорғау талаптарын қамтамасыз ету, өндірістік жарақаттану мен кәсіптік аурулардың алдын алу жөніндегі бірлескен іс-қимылдары бағытында жұмыстанып өз міндеттерін абыроймен атқаратынына және жақсы нәтижеге қол жеткізетінімізге сеніміміз мол.

**Б. Латип,**
**Қауіпсіздік және еңбекті қорғау қызметінің басшысы**

# ДА ЗДРАВСТВУЕТ ИСКУССТВО КУЛИНАРА!

**В честь 55-летия Мангистауской нефти и 50-летия ПУ «Жетыбаймунайгаз» 26 октября заместитель Генерального директора по управлению человеческими ресурсами и социальной политике АО «Мангистаумунайгаз» Нурсерик Кудереев вручил группе работников отдела общественного питания почетные грамоты и дипломы АО «НК «КазМунайГаз».**



Нурсерик Кудереев тепло поздравил поваров, отметив, что с одной стороны, эта профессия требует скрупулёзной точности, с другой — наличия творческой жилки, чтобы придумать оригинальный рецепт или изысканное блюдо.

В общей сложности были награждены 15 работников общепита – Рауиля Муратова, Алма Лукпанова, Жанылхан Каджикова, Арман Серикбаева, Асрор Хамидов, Гульнар Исембаева и другие. Также среди тех, кто удостоился почетных грамот - заведующая производством Рысгуль Жарылгасова и повар 4-го разряда Шахрилло Дехконов, оба они проработали в структуре общественного питания АО «Мангистаумунайгаз» свыше 30 лет.

- Не скрою, мне очень приятно получить награду, считаю, что эта заслуга всего нашего большого и дружного коллектива, - отметила Рысгуль Жарылгасова.

- Для меня это большая честь, - в свою очередь добавил Шахрилло Дехконов. – Надеюсь, что и впредь мы будем радовать наших коллег вкусной и здоровой пищей.



*Тұсаукесер*

# ҚАЗАҚ МҰНАЙЫНЫҢ КОРИФЕЙІНЕ ҚҰРМЕТ

## *Тарас Қасымов туралы кітап жарық көрді*

**Жуырда, яғни 2016 жылдың 5 қазаны күні Алматыдағы «Holiday Inn» қонақ үйінің мәжілістер залында Атырау мен Маңқыстау өңірлерінің мұнай тасымалдау саласына ерен еңбек сіңірген ел азаматы, КСРО мұнай өнеркәсібі ісінің үздігі, техника ғылымдарының кандидаты, Нью-Йорк Ғылым Академиясының құрметті мүшесі, Ақтау университетінің құрметті профессоры, «Қазақстанның еңбек сіңірген қызметкері» атақтарының, «Құрмет» ордені мен бірнеше медальдардың иегері, марқұм Тарас Мәжитұлы Қасымовтың өнегелі өмірбаяны жайында «Тарас Қасымов» атты кітаптың тұсаукесер салтанаты өткізілді.**




Тарас Мәжитұлы Қасымов – «Оңтүстік мұнай құбырлары» өндірістік бірлестігінің тұңғыш қазақ басшысы, «Қазақстанкаспийшельф» және «Қазтеңізгеофизика» АҚ мекемелері Ақтаудағы өкілдіктерінің алғашқы директоры болған, Қазақстан Әскери-Теңіз күштерінің құрылуы мен қаз басып, қалыптасуында ерекше рөл атқарған, көзі тірісінде көп адамға жақсылық жасаған абзал азамат. Оны өзі екі анадай тел еміп өскен Атырау, Маңқыстау аймағының жұртшылығы жақсы таниды.

Кітап авторы – Қазақстан Жазушылар және Журналистер Одағының мүшесі Рахат Қосбармақ. Бұл туынды «Қазақ мұнайының ардақтылары» сериясы бойынша Н.Ә.Марабаев атындағы «Мұнайшы» қоғамдық қорының тапсырысымен, «Каспий құбыр желісі» консорциумының демеушілігімен жарық көріп отыр. Кітаптың көлемі – 39 баспа табақ, яғни 624 бет. Таралымы – 500 дана.

Кезінде «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ, «Өзенмұнайгаз» АҚ, «Қаражанбасмұнай» АҚ, «Теңізшевройл» ЖШС сияқты мұнайлы өлкелердегі өндіріс алыптарының «қара алтынын» Ресейге, әрі қарай Еуропаға, Қытайға, Иранға тасымалдау ісіне үлкен үлес қосқан ардагер азамат Тарас Мәжитұлы Қасымовты әлі күнге дейін жерлестері мақтан тұтып, есімін ерекше ілтипатпен атайды. Сондықтан да оңтүстік астанада өткен кітаптың тұсаукесер салтанатына Астана мен Алматыдан, Атырау мен Ақтаудан, Қызылорда мен Оралдан, тіпті сонау жер түбіндегі Мәскеуден де арнайылап ат сабылтып келген қазақ мұнайының корифейлері көп жиналды. Олардың арасында Қазақстанның тұңғыш Мұнай және газ өнеркәсібі министрі болған Қадыр Қарқабатұлы Бәйкенов, Қазақстанның еңбек сіңірген мұнайшысы, ардагер ақсақал Зинон Бақтияруұлы Әбдірахманов, ҚР Мемлекеттік сыйлығының иегері, геология-минералогия ғылымдарының докторы Балтабек Қуандықов, «Каспий құбыр желісі» консорциумы Бас директорының орынбасары Қайыргелді Мақсұтұлы Қабылдин, КСРО-ның еңбек сіңірген өнертапқышы, профессор Сержан Жиенбаев, «Теңізшевройл» ЖШС Директорлар кеңесінің атқарушы кеңесшісі Төлеген Хасанов, «NCOC» компаниясы басқарушы директорының орынбасары Жақып Нәсіпқалиұлы Марабаев, «Мұнайшы» қоғамдық қоры Бас директорының орынбасары Сайлау Есжанұлы Жылқайдаров, «Теңізшевройл» ЖШС-нің Үкіметпен және қоғаммен байланыс жөніндегі бас менеджері Рзабек Артығалиев, т.б. мұнай саласының білгір мамандары болды.




«Жақсының өзі өлсе де, ізі өлмейді» деген бар. Тарас Мәжитұлының өзі өмірден өтіп кетсе де, ол кісінің тіршілікте тындырған игі істерін ілтипатпен еске алатын ізбасарлары мен шәкірттері, әріптестері мен жақын-жуықтары тұсаукесер рәсімінде тамаша естеліктер айтып, жиналған жұртшылықты риза етті. Салтанат соңы мерекелік дастарханға ұласты.

*Еске алу*

# Әкеге тағзым

Біздің әкеміз Ізберген Өмірбаев Жетібай мұнай барлау экспедициясында 1963 жылдардан бастап барлаушы болып жұмыс жасай жүріп, сол кездегі «Жаңарған Маңғыстау» газетінде журналистиканың сан түрлі жанрында қалам тербеген автор. Алғашқы мұнайшылардың тыныс-тіршілігі туралы, Оңтүстік, Үстірт, Қауымды, Асар, Көкімбай, Қансу, Өзен, Сарыой, Қожантай, Бірінжік, Дашқала, Жетібай, Ақсексеуіл аландары игеріліп, ер жүрек барлаушылардың қарышты еңбектерін көптеп жазған белсенді тілші еді. Туған жеріміздің байлығы мұнай өндіру саласында аянбай еңбек ете жүріп, мұнайлы өлке еңбекшілері туралы көптеп жазған жазған. Әкем не бәрі 37 жас жасаған. Өмірден ерте кеткен абыройлы да еңбеккор барлаушы.

Тілші болу абыройлы да құрметті атақ. Өзім ес білгелі әкемнің естеліктерін, жазбаларын оқып, тебіренбей тұра алмаймын. Ол – тілші болуды абыройлы борышым деп санайтын абзал азаматтардың бірі еді. Егер тірі болса, менің әкем ардагер мұнайшы, журналистика саласында еңбегі сіңген атақты тілші болар еді...

37 жаста жеті балаға әке болып, абыройлы тілші, еңбеккор мұнайшы болған әкемді мен мақтан тұтамын. Бұл күнде жеті баласы жеті үй болды. Екі баласы –Бекзада мен Шегірбай Өмірбаев, немересі – Саят Өмірбаев мұнай саласында жұмыс істейді.

Биылғы Маңғыстау мұнайының 55 жылдық тойында әкемді еске алып, әкемнің еңбектерімен қазіргі жас буын мұнайшыларды таныстыруды жөн көрдім. Барша мұнайшыларды 55 жылдық мерей тойымен құттықтаймын!

***Отбасы***

## *Ізберген Өмірбаев*

### *Маңғыстау*

*Өзіңсің ата-мекен жан құштарым,*
*Мұнайлы, Мұнаралы Маңғыстауым.*
*Сендегі бақыт байлық сырыңды ашып,*
*Келеді қалам тербеп дауыстағым.*

*Келбетің күннен-күнге ажарланды,*
*Жарқылдап түн ішінде газ алауы.*
*Май сіңген сүйем сенің топырағыңды,*
*Аңсаман, сенен басқа таза ауаны.*

### *Арман*

*Адам, адам, құдыретті дана адам!*
*Ақ арманға берілетін жаңадан.*
*Шұғыла шашқан мейірімді күндеймін,*
*Үлбіреген таңғы гүлге қараған.*

*Сол арманмен тау басына шығам да,*
*Қалықтаймын бейне ұқсап қыранға.*
*Сол бір сәтте қалмайыншы көз жазып,*
*Өр өлеңім арманым боп тұрғанда.*

* * *

*Арманның таң нұрындай шұғыласына,*
*Құмартып қарап келем күнде асыға.*
*Еңбектен бір тынбаймын алға қарап,*
*Мен жүрмін армандастар ортасында.*

*Танылып әрбір үнім байтақ елге,*
*Еңбегім гүл-гүл жайнап жатса күнде.*
*Уа, досым, сонда ғана қуанар ем,*
*Анамдай мейірбанды туған жерге.*

### *Үстіртте*

*Ақшаңқан үйлер алдында,*
*Келсеңіз досым жол түсіп.*
*Бөленген ғажап таң нұрға,*
*Осынау Үстірт – Оңтүстік.*

*Ерлікке мекен бұл ара,*
*Ләззат тапқан еңбектен.*
*Сом тұлға сонау мұнара,*
*Еңбектің күйін тербеткен.*

*Көп ұлттың қосып бастарын,*
*Түбегім шертті достық сыр.*
*Қара жердің астарын,*
*Қақ жарып біздің ерлер жүр.*

*Осында, мен де маманмын,*
*Жер астымен сырласқан.*
*Мұндағы жүрген адамның,*
*Әр біреуі – жыр дастан.*



*Маңқыстау мұнайының мақтаныштары*

# СӘМЕН



Бүгінгі сөз қарапайым еңбек адамы хақында.

Ешкіммен бақ таластырмай-ақ, ат-атақ жарыстырмай-ақ, екі қол, екі аяғының күш-қуаты мен Алла Тағала берген он екі мүшесінің саулығы арқасында оза шауып, ортадан бәйге алмаса да, ел қатарлы еңбек етіп, жұрт қатарлы жұмыс істеген, ол еңбегі бірде еленіп, бірде еленбей қалса да ешқашан ренжімейтін, ешкімде алты аласы, бес бересі жоқ қарапайым ғана қазақ әйелі турасында.

Бұл – жарық дүниенің жамалын Атырау топырағында көрсе де, жарты ғұмырынан астам өмірін Маңқыстауда өткізіп, барын да, нарын да, байлығын да, бақытын да осынау киелі мекен, кең түбектен тапқан Нұрхасанова Сәмен апамыз. Ол – Адай арасында «Алысқа сапарға шықсаң, Қосайдан жолдасың болсын» деп айтылатын, «Қойшы болса да, Қосай атам баласы бастасын» деп ардақталатын алты арыс Қосайдың ішінде атақты Шам мен Талпақтай жылқысының санынан жаңылған сахи байлар мен Сағындықұлы Зәкәриядай айтулы ақындар өткен Тіней ауылының қызы. Оның ішінде Тәңірбергені.

Туып-өскен жері –

Орынбор, Тұзтөбенің тұзын көрсең,

Жылыойдың таңғаларсың қызын көрсең.

Атыңнан түссең, қайтып міне алмайсың –

Еркемнің судан қайтқан ізін көрсең, - деп әйгілі «Жылыой» әнінде айтылатын Кең Жылыойдың кіндігі Құлсары қаласынан солтүстік-батысқа қарай 10 шақырымдай жерде орналасқан Қараарна ауылдық округінің орталығы Шоқпартоғай елді мекені.

1934 жылы сәуір айының 4-жұлдызында осы топырақта дүние есігін ашқан Сәмен апаның балалық шағы сұм соғыспен тұспа-тұс келді. Ол енді-енді есін жиып, етегін жауып, сегіз жасқа аяқ басқан кезінде Ұлы Отан соғысына майданға шақырылған әкесі Нұрхасан сол кеткеннен мол кетті. Артында аңырап қалған анасы Аққанай мен жанарлары жәутеңдеп, жастайынан жетімдіктің зардабын тартқан кіл көгенкөз бала-шағасы одан ең болмаса, ел қатарлы хат та алған жоқ, қайтыс болғаны туралы «қара қағаз» да келген жоқ, қай майданда болып, қандай жағдайға ұшырағаны да белгісіз, хабар-ошарсыз кетті.

Отбасындағы Сәменнен кейінгі Орынбасар, Сайын, Аманқос деген үш ер бала да жастай қайтыс болды. Сол төрт баланы өсіріп-жеткіземін деп, анасы тұрмысқа да шыққан жоқ, жесірлік желегін жамылып қалды. 1914 жылы туған кісі еді, 1959 жылы 45 жасында дүниеден өтті. Сондықтан үйелмелі-сүйелмелі төрт баланың үлкені Сәмен апа ерте есейді, еңбеккке де ертерек араласты. Ішер ас пен киер киімнің өзі мұң болған қиын-қыстау уақыттың қысталаңынан жарытып білім де ала алмады. Сол кезде небәрі 13-14-тердегі қыз бала еді. Шоқпартоғайдағы мектептің бастауыш класында оқытушы болып жұмыс істейтін шешесінің ағасы, руы Бәубек Мәтжан деген нағашысының үйінде жатып оқып жүргенінде 5-класты бітірер-бітірместен анасы: «Сөзді қой, оқуды таста да, маған көмектес», - деп, сабақтан шығарып алды. Содан үй шаруасына қолғабыс етіп, колхоздың әртүрлі қара жұмысына жегілді. Еңбек кітапшасында «Ембі ауданына қарасты Қызыл Жем ұжымшарының жер суарушысы» деп жазылғанмен, тек жер суарып қана қойған жоқ, ер-азаматтың өзі қайыспай көтере алмайтын талай ауыр жұмыстарды атқарды, табаны тілініп, белі бүгіліп, қанаты майысып, қары талып, күндіз-түні еңбек етті.

Еңбек етсең – еленерсің,

Еңбегіңе кенелерсің.

Есің жиып, етек жауып,

Елге жетіп, теңелерсің, - дегендей, есепсіз еткен еңбек есесіз кеткен жоқ. Бүгінгідей «Еңбек ардагері» деген абыройлы атаққа да сол жұмыс десе жанын аямай, жұмыла кірісіп кететін еңбекқорлығының арқасында жетті.

«Менің туып-өскен отбасымды қазір «жоқ» десе де болады. Мен – тұлдыр төркінім жоқ адаммын. Қазір қартайған шағымда тума-туысым да, төркінім де жоқ, жетім бала сияқты, жалғыз қалған секілдімін. Жасың ұлғайып, төріңнен көрің жуық жасқа келгенде адам баласына бәрінен де осы қиын екен», - деп өзі бүгінде өкінішпен айтатынындай, анасы қайтыс болған соң небәрі 25-ке толар-толмас жасында Сәмен апа төркінсіз қалды.

«Жыртық үйдің де Құдайы бар» дейді қазақ. «Жалаңашқа суықты өлшеп берем» депті ғой Жасаған Ием. Дегенмен, әкесіз өскен әрбір күн мен анасын аңсаған арманға толы азапты сәттер, көрген бейнет пен шеккен мехнат та бір күнгідей болмай ұмытылды. Жетім қыз да өсіп-жетілді, өмірлік жарын тауып, азаматының етегінен ұстап, алдағы даңқты күндерге адымдап қатар басты.

1953 жылы әйгілі бұрғышы, Социалистік Еңбек Ері Салық Рысқалиевтің туған інісі, Алаша руының азаматы Забихқа тұрмысқа шықты. Бұл – Маңқыстау мұнайының алғашқы бұрқағын аттырған атақты Рысқалиевтердің әулеті. Басқасын былай қойғанның өзінде, 1963 жылы Салық Рысқалиев басқарған бригаданың 3722 метрдің орнына 4999 метр тереңдікті бұрғылап, рекорд жасағанын айтсақ та жеткілікті.

1958 жылы Ембі кәсіпорнынан еңбек етуге алғашқылардың бірі болып Маңқыстауға келген Салық Рысқалиев келесі жылы іні-келінін қасына шақырды. «Мен де ағамнан қалмаймын», - деп, ұмар-жұмар жиналған Забих та Жетібайға көшіп келді. Келген бойда өзі «Маңқыстаумұнайгазбарлау» («МНГР») мекемесіне қарасты Жетібай мұнай-газ барлау экспедициясына (ЖНРЭ), келіншегі Сәмен де осы мекемедегі Николай Петровтың бұрғылау бригадасына мотористің көмекшісі болып жұмысқа кірді. Ол кезде құжаттардың бәрі Форт-Шевченкодағы мекеменің бас кеңсесінде болғанмен, мұнай барлаушылар негізінен Жетібай мен Өзендегі бұрғылау алаңдарында жұмыс істейтін. Еткен еңбек, төккен тер далаға кеткен жоқ. Сәмен Нұрхасанқызы да өзінің қажымайтын қаранарлығымен, қарапайым да қабақ шытпас жайдарылығымен, елгезек еңбекқорлығымен көзге түсіп, бірте-бірте сатылап өсіп, мотористің көмекшісі, бұрғылау қондырғысының дизелисі болып, өндірістің ұңғыл-шұңғылын үйреніп, кен алаңындағы ауыр еңбекке төселе бастады.

Ол – 1961 жылы 5 шілде күні Жетібайдағы №6 ұңғыдан атқылаған мұнай бұрқағының алғашқы куәгері және осы кен орнын ашушылардан қалған көзі тірі санаулы саңлақтардың бірі. Бір айта кетерлігі – бізге берген сұхбатында ардагер мұнайшы бұл айтулы күнгі оқиғаны бұрынғы біз естіп жүргеннен гөрі басқашалау баяндады.

«Сол күні таңғы 4 пен 5-тің аралығында кен алаңындағы ұңғыны қарауылдап отырған мен жалғыз едім. Бұрғылауға қажетті құрал-жабдықтардың бірі жетіспей, жұмыс уақытша тоқтап тұрған болатын. Атабай Төремұратов деген қасымдағы моторист жігіт: «Сен бара бер, қарауылдап отыра тұр. Мен кейін, артынан барамын», - деп, бір жаққа кетіп қалған болатын. Бір мезгілде жеті қат жер астынан ышқынып шыққан бір қуатты дыбыс гүрілдеп келіп, гүрс ете түскенде менің зәрем зәр түбіне кетті. Не істеп, не қойғанымды білмей, меңзең болып қалдым. №6 ұңғы мен қазіргі Жетібай елді мекенінің аралығындағы 6-7 шақырым жерді қалай еңсергенім есімде жоқ, ауылға қалай жеткенімді де білмеймін. «Бұраубайды» неге тастап кеттің?» деп ұрса ма», - деп, ұялғаным бар, қорыққаным бар, ағекеме де *(қайынағасы Салық Рысқалиевті айтады-**Р.Қ.**)* баруға бет жоқ, сүріне-қабына келіп, үйіме (ол уақыттағы «үйіміздің» сиқы – өз қолымызбен жерден қазып алған жертөле) жетіп құладым. Сондағы қорыққанымды сөзбен айтып жеткізу мүмкін емес. Кейін менің түсі қашып кеткен өңімді көріп, сол кездегі Шевченко аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы Ибаш Жанболатованың өзі: «Мына кісінің түрі жаман болып, біртүрлі болып кеткен екен. Дәрігерлік көмек көрсетіп, ем жасаңыздар. Сосын басқа бір жұмысқа орналастырыңыздар. «Бұраубайдың» ставкасымен жалақысын төлеңіздер», - деген екен.

Мұнай бұрқағы аспанға атқылап, «бұраубайдың» басы гу-гу етіп жатыр. Жұрттың бәрі жиналып қалған. Сол маңайдағы бұрғышылардың бәрі бас қосып, ақылдасып, алыс-жақындағы облыстық және республикалық деңгейдегі басшыларымыз да бірі қалмай ұшып келді. Ақыры асау фонтанды ауыздықтау үшін Бакуден көмекке кісі шақыртатын болды. Жан-жақтан адамдар құйылып келіп жатыр, келіп жатыр. Шынымды айтайын, жаңағы жағдайдан кейін мен сол «бұраубайға» беттегем жоқ. Әбден қорқып қалыппын.

Содан кейін күйеуім басшылық ететін турбиналық цех ашылған соң сол цехқа моторист болып жұмысқа кірдім. Бұрғылауға қажетті әртүрлі құрал-жабдықтарды жуып, тазалап, арасына түскен ағаш, тас, шөп-шалам, қоқыр-соқырлардан арылтамын, сосын оны қайтадан құрастырып, жинауға көмектесемін. Күнделікті қызметім осы», - деп еске алады Сәмен апа.

Сөйтіп жүргенде, жұмысты оңтайландыру, өндірісті басқаруды жеңілдету мақсатында бірқатар мекемелерді, оның ішінде Забих Рысқалиев пен Сәмен Нұрхасанова жұмыс жасайтын экспедициядағы турбиналық цехты да Ералиев кентіне көшіретін болды. Сәмен апа да, зайыбы Забих та үйреніскен жері мен ортасын қимай, Ералиев кентіне барудан бірден бас тартты. Сөйтіп, Сәмен апа сол 1970 жылы Жетібай мұнай-газ өндіру басқармасына мұнай-газ өндіру операторы болып жұмысқа кірді. №11, 7, 3, 13 топтық қондырғыларда оператор болып жұмыс істеді. Бүгінде «Еңбек даңқы» және «Отан» ордендерінің иегері, КСРО мұнай өнеркәсібінің үздігі Баязи Қарамұрзиев, Жолекен Байжауынова, Несібелі апай сияқты әріптестерімен бірге қоян-қолтық қызмет етті. Қазір олардың бәрі де зейнет демалысында. Өмірдегі ең сенімді, адал достары да – осы кісілер. Сол себепті де әріптестерімен әлі күнге дейін хабарласып, амандық-саулығын біліп тұрады.

«Көңілсіз жұмыс – өнімсіз» дейді қазақ. Сол кездері жұмыс қаншама қиын, қазіргідей барлығы автоматтандырылған, техникамен жарақтандырылған емес, негізінен қол күшімен атқарылатын болса да, адамдардың ерік-жігері күшті, рухы мықты еді. «Ештеңені елең қылмайтын жастықтың әсері шығар, ешкім де күнделікті жұмыстың салмағын еш ауырсынбай, қызметке күліп-ойнап барып, күліп-ойнап көңілді қайтатынбыз», - дейді Сәмен Нұрхасанқызы.

Жұмыс болғасын, оқиғасыз бола ма?! Талай жүрегі жарылардай болып қуанған сәттер де, жүрегін ұшырған үрейлі жайттар да аз болған жоқ. Сондай сәттердің бірі жайлы Сәмен апа былай деп сыр шертеді:

«Жетібай мұнай-газ өндіру басқармасында жұмыс жасап жүргенімде жаман қорыққан бір жағдай болды. Бұрын турбиналық цехта күндіз ғана жұмыс істейтінбіз. Ал НГДУ-да (МГӨБ – мұнай-газ өндіру басқармасында) түн мезгілінде де кезекшілікке қала береміз. Сол күні №11 топтық қондырғыда едім. Түннің бір уағында мас па, әлде өзінің мінез-құлқы сондай ма, бұрын-соңды көрмеген, танымайтын, түр-түсі өте қорқынышты бір кісі келіп, қолындағы кілт-қашақ па, темір-терсек пе, білмеймін, бірдеңелерді лақтырып тастады да, жүре берді. Құдай сақтағанда, маған түйіліп бір қарағанмен, ештеңе деген де жоқ, тиіскен де жоқ. Оның артынан жүгіре шықтым да, көрші №10 қондырғыға қарай жөнелдім. Барып, бастықтарды шақырып келдім. Олар келіп, түні бойы сол жерді менімен бірге күзетіп отырды. Сол кезде түрмеден қашқан, әртүрлі қылмыс жасаған, қағылған-соғылған, бұзық ниетті адамдар көп болатын. Кейін білсек, әлгі адам да сондайлардың бірі екен», - дейді ол.

Міне, осылайша Сәмен апа талай қызықты да, шыжықты да көрді, небір қиыншылықты да, бейнетті де бастан кешті, ауыр еңбектің азабына да төзді, соның арқасында қатарынан да озды. Ақыры отыз жылға жуық еңбек өтілімен 1986 жылы осы Жетібай мұнай-газ өндіру басқармасынан зейнеткерлікке шықты. Жұбайы Забих та осы мекемеде өзімен бірге қызмет етті. 1929 жылы туған отағасы Сәмен апамен жарты ғасырдан астам уақыт отасып, 2007 жылы 78 жасында дүниеден өтті.

«Еңбегіне қарай – өнбегі», «Еңбек – ырыстың бұлағы, бақыттың шырағы» деген – ып-рас сөз. Жұмысқа деген жоғары жауапкершілігі, асқан төзімділігі мен адал еңбегінің арқасында Сәмен Нұрхасанқызы Кеңес Одағы кезінде Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің «Құрмет Грамотасымен» марапатталды, Тәуелсіз Қазақстан тұсында «Еңбек ардагері» медаліне және «Қазақстан мұнайына – 100 жыл» төсбелгісіне ие болды.

Ергенек болмаса,

Есік тұра ма?!

Еңбеккер болмаса,

Несіп тұра ма?! – дегендей, адамды адам ететін – еңбек қана. Сол себепті терлеп еңбек ету арқылы тілегіне қол жеткізген ардагер апа да адам бойындағы еңбекқорлық қасиетті жоғары бағалайды. «Адам баласы жұмысты ынты-шынтысымен беріліп, жақсы жасауы керек. Өзіміз өмір-бақи қара жұмыс істедік. Біршама ел қатарлы жақсы жұмыс жасаған сияқтымыз. «Еңбек етсең – емерсің» дейді ғой қазақ. Сондықтан да жас ұрпаққа: «Жұмыс істеңдер! Ерінбей еңбек етіңдер!» дегім келеді. Ал, жалпы, өзім адамның бойынан шама келгенше мін іздемеуге, жаман ойламауға, кез келген кісіні жақсы жағынан көруге тырысамын», - дейді ол өзі туралы.

Алты-жеті құрсақ көтеріп, Жәкібай, Мақсат есімді екі ер баласы енді-енді азамат атанып, ел қатарына қосылып келе жатқанда жол апатынан қаза болған ардагер апа қалған бала-шағасының барына шүкіршілік етеді. Қазір үлкен ұлы Болат пен жолдасы Қымбаттың қолында тұратын қарт ана Ханшайым мен Әділ, Нұржамал мен Ұзақ, Марал мен Қазихан сияқты қыз-күйеулерінің де амандығын тілеп, Аллаға мың рахметін айтып отырады. Ұл-қыздары мен келіндерінің бірі дәрігер, бірі тігінші, бірі полиция қызметкері болса, енді бір күйеу баласы өзі сияқты мұнай саласын таңдаған, кен орнында қызмет етеді. Жақында ғана отау құрған немересі Самат пен немере келіні Аиданың жас шаңырағын қызықтау да – бір бақыт.

«Өмірде ешқандай да арманым жоқ. «Осы балаларымның алдында кетсем» деген арманым ғана бар. Басқа арманым жоқ», - деді сөз соңында Сәмен апа.

Сексен үш жастың сеңгіріне шыққан қарт ананың, қарапайым мұнайшының, қара басы үшін ғана емес, халық игілігі үшін де тер төккен қарапайым еңбек адамының үнінен қазақ әйеліне тән қанағат пен қасиет, қажырлылық пен қайсарлық сезілгендей болды...

**Рахат ҚОСБАРМАҚ,**
*Қазақстан Жазушылар және Журналистер Одағының мүшесі*

*2016 жыл, 24 қазан, дүйсенбі. Ақтау қаласы.*

# Еркіндігім. Қасиеттім. Қастерлім.

Егемендікті еншілеген 25 жылда «Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамы да елмен бірге жаңарып, дамудың соны соқпақтарынан өтті, қуатты компанияға айналды. Биыл Тәуелсіздіктің ширек ғасырлық мерекесі аясында Маңғыстау мұнайының 55 жылдық, «Жетібаймұнайгаз» өндірістік басқармасының 50 жылдық мерейтойлары қатар келіп, ұлан-асыр той жасап, қабат келген қуаныштың шуағын шартарапқа жайған жыл. Ендеше, Еркіндіктің 25 жылдық белесіндегі мұнай-газ саласының қалыптасуы яки кемелденуі мен егемендік алған жылдардағы компания өміріндегі елеулі оқиғаларды фотосуреттер тілімен сөйлетсек... Тәуелсіздігіміз құтты болсын, айналайын әріптес!



Жетібайдағы газокомпрессор стансасының тұсауын кесері, 2009 ж.



Қазақстан Республикасы Президентінің «Үздік ұжымдық шарт» номинациясы бойынша «Парыз» сыйлығын иеленді, 2010 ж.





Маңғыстау облысы әкімшілігінің 30.06.2006 ж. № 221 "Тарихи және мәдени ескерткіштерге қоғамдық қамқоршылықты бекіту туралы" қаулысымен "Маңғыстаумұнайгаз" компаниясы тарихи-мәдени ескерткіштер "Сейсем-Ата" қауымына, Тобықты жеріндегі "Бекет Ата" жер асты мешітіне және "Қызыл қала" археологиялық орнына қамқоршы болып бекітілген



«Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамның бас ғимараты пайдалануға берілді, 2006 жыл



«Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамында қызметкерлер мен жұмыс берушінің қарым-қатынастарын реттейтін негізгі құжат - ұжымдық шартқа қол қойылды, 2010 жыл



«Жетібаймұнайгаз» ӨБ №3 МГӨЦ мұнайшысы Мейрамбай Қазиев 2010 жылдың «Жыл адамы» атанды



«Қаламқасмұнайгаз» өндірістік басқармасындағы электр жабдығының сенімділігін арттырып, электр қуатының іркілісін тежейтін газтурбиналы электр-станция іске қосылды, 2014 жыл



«Маңғыстаумұнайгаз» АҚ әлеуметтік жобасы аясында Жетібай кентінде жаңа өнер мектебі ашылды, 2011 ж.



Қаламқас кенорнында спорт-демалыс кешені ашылды, 2012 жыл



«Жетібаймұнайгаз» ӨБ №2 мұнай кәсіпшілігінде жаңа асхананың ашылу салтанаты, 2014 жыл

СЕРВИСТІК ҰЙЫМДАРДЫҢ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ - НОВОСТИ СЕРВИСНЫХ ОРГАНИЗАЦИЙ

# ӘЛЕУМЕТТІК СЕРІКТЕСТІК - КӘСІПОДАҚТЫҢ БАСТЫ НАЗАРЫНДА

Бүгінгі әлемде қалыптасқан шырғалаңдар жағдайында елдегі тұрақтылыққа жауапкершілікті әлеуметтік серіктестіктерсіз шешу қиындап бара жатқаны баршамызға белгілі. Сондықтан кәсіподақтардың сапалық мәртебесі мен рөлін өзгерту керек болған кезде «Мұнай-газ кешені қызметкерлерінің салалық кәсіптік одағы» республикалық қоғамдық бірлестігінің кезектен тыс съезі «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ мұнай мен газды барлау, өндіру, тасымалдау, өңдеулермен айналысатын, сондай-ақ сервис секторында жұмыс істейтін кәсіпорындарының делегаттарының қатысуымен өткен болатын. «Кәсіптік одақтар туралы» Қазақстан Республикасының жаңа Заңы қабылданды. Осы өзгерістер және біртұтас кәсіподақтың артықшылықтарын түсініп, өмір талабына сай 2015 жылғы 15 сәуірде «Oil Construction Company» ЖШС қызметкерлерінің жергілікті кәсіптік одағы» қоғамдық бірлестігі - Кәсіподақ ұйымының жаңа моделі, мүшелерінің өндірістік және кәсіби мүдделерінің ортақтығы негізінде тәуелсіз, дербес қоғамдық бірлестік болып құрылған болатын.



Жергілікті Кәсіподақ өз қызметін Қазақстан Республикасы Конституциясына, Қазақстан Республикасының заңдары және басқа низамдық актілеріне, халықаралық құқықтың жалпы қабылданған прициптері мен нормаларына, «Мұнайгаз кешені қызметкерлерінің салалық кәсіподағы» қоғамдық бірлестігінің Жарғысына және Жергілікті Кәсіподақ Жарғысына сай жүзеге асырады.

Жергілікті Кәсіподақ мүше ұйым ретінде Салалық Кәсіподақтың Маңғыстау облыстық филиалының ұйымдық құрылымына кіреді. Салалық кәсіподақтың құрамына кірмес бұрын көп ойландық, әрі күдіктенгенімізді де жасырмаймыз. Бірақ біздің енді сенім артатын жоғарыда құзіретті өкілдеріміз болатынына қуаныштымыз.

Жергілікті Кәсіподақ ұжымдық шарт, келісімдер негізінде кәсіподақ мүшелерінің әлеуметтік-еңбек құқықтары мен мүдделерін қорғайды, сондай-ақ «Oil Construction Company» ЖШС кәсіпорны деңгейінде әлеуметтік әріптестікті іске асырады.

«ОСС» ЖШС қызметкерлерінің жергілікті кәсіптік одағы» қоғамдық бірлестігі Жұмыс беруші және олардың бірлестіктерінің алдында, дауларды сотқа дейін реттеуде, соттарда қарау кезінде өз мүшелерінің құқықтары мен мүдделерін білдіріп, қорғауды басты міндеті деп есептейді. Ол әлеуметтік әріптестік жүйесін дамытуға жәрдемдеседі, жұмыс берушімен, сондай-ақ кәсіпорындағы әлеуметтік әріптестік тараптарымен әлеуметтік-еңбек қатынастарын реттеу жөнінде ұжымдық шарт және басқа келісімдер жасасады, ұжымдық шарт және келісімдер талаптарының орындалуына бақылау жасайды. Заңды тұлға ретінде бітімгерлік рәсімдерде еңбек және ұжымдық еңбек дауларын реттеуге қатысады.

Еңбек, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау туралы заңнамалардың сақталуына қоғамдық бақылауды жүзеге асыра отырып, жеке және ұжымдық еңбек дауларын шешуге, оның ішінде өндірістегі жазатайым оқиғаларды тергеп-тексеруге белсенді түрде қатысады.

Жергілікті Кәсіподақ өз мүшелеріне құқықтық көмек көрсетеді, қоғамдық еңбек инспекцияларының, заң қызметтері мен консультацияларының қызметіне жәрдемдеседі, түсіндіру жұмыстарын жүргізеді, мүшелерінің еңбекақы, кепілдіктер және жеңілдіктер туралы мәселелері бойынша заңнамалардың сақталуына бақылау жасап келеді. Өндірістік нысандарды қауіпсіз еңбек жағдайы бойынша аттестаттауға қатысады.

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жұмыс берушімен бірге Жергілікті Кәсіподақ мүшелері мен олардың отбасылары арасында сауықтыру іс-шараларын ұйымдастыру мен өткізуге жәрдемдеседі, шипажайлық-курорттық емдеуді, мәдени-көпшілік, бұқаралық дене шынықтыру мен спортты дамыту шараларына атсалысады.

«ОСС» ЖШС қызметкерлерінің жергілікті кәсіптік одағының Конференциясында сайланған төраға басшылық ететін кәсіподақ комитеті құрамында М.Рзаханов, А.Меңдіханов, О.Қанбаев, Е.Атабай, М.Садықов, Н.Әбдіғалиева, Б.Көшкінбаевтар қызметтерін адал атқарып келеді. Комитет жұмысына цехтық ұйымдар төрағалары А.Джамаев, М.Қамысбаев, Б.Танауова, С.Измағанбетов, Т.Құлжағаров, Н.Даутова, Н.Телмұхамедов, А.Сүндетова, А.Бекібаева өз жұмыс ұжымдары бойынша да белсене қатысады.

Бақылау-тексеру комиссиясында Б.Сихов, Р.Исламғалиева, А.Аймағанбетова жұмыс істейді.

Жергілікті Кәсіподақ өз мүшелеріне ұйымдастыру, консультативтік, құқықтық, материалдық және қайырымдылық көмек көрсету жақсы жолға қойылды.

Арнайы жасақталған бағдарламаны басшылыққа ала отырып, кәсіподақ мүшелерінен келіп түскен өтінім бойынша қызметкерлердің мұқтажына 2014 жылдан бері қызметкерге емделуіне, мектептің 1 сыныбына барған балаға, қызметкер балалы болуына байланысты, санаторий-шипажайда емделген қызметкерге, қызметкерге жақын туысы қайтыс болуына байланысты қайырымдылық көмек беріледі. Сонымен қатар қызметкерлердің мерейлі жасы да назардан тыс қалмай, қызметкерге қаржылай сыйлық беріледі.

Серіктестікте спорт жарыстарын ұйымдастырып, өткізуге атсалысып келеміз.

Корпоративтік шаралар мемлекеттік және кәсіби мерекелерге орай ұйымдастырылады, онда салтанатты жиналыс,







корпоративтік демалыс және ұжымның ауызбірлігін нығайтуға арналған басқа да шаралар өткізіледі.

Жұдырықтай жұмылған үлкен кәсіпорында қызметкерлер әртүрлі қызмет басын ұстаған бөлімдер құрамында еңбек етеді. Сондықтан кәсіптік одақ белсенділері серіктестіктің Әлеуметтік саясат бөлімі, Жастар кеңесімен бірлесіп, әлеуметтік әріптестікті іске асыра отырып, қызметкерлердің бос уақытын мәнді өткізуіне, ұжым ішінде ауызбіршілік, ынтымақтастық үшін адамдардың бір-бірін жақын біліп, бір отбасы мүшеліріндей өзара жақсы түсіністікте жұмыс істеуіне ықпал ететін іс-шаралардың ұйытқысы болып жүреді. Жаңа жылды қарсы алу мерекесін жылда атап өту дәстүрге айналған. 8 наурыз – Халықаралық әйелдер күнінде нәзік жанды кәсіподақ мүшелерінің ешбіреуі назардан тыс қалмай, сыйлыққа ие болады. 1 қаңтар – Жаңа жыл, 1 маусым – Балаларды қорғау күні қарсаңында да кәсіптік одақ мүшелерінің бүлдіршін балалары Облыстық Қуыршақтар театрында ұйымдастырылған әртүрлі ойындар мен байқауларға қатысып, қойылымдарды тамашалайды, сыйлықтар алады. Ұлы Жеңіс күніне орай Ұлы Отан соғысы және Ауғанстан жеріндегі соғыс ардагерлерін құттықтап, қаржылай қолдау көрсету – қасиетті парыз екенін естен шығарған емеспіз. 6 шілде – Астана күні мерекесінде жергілікті кәсіптік одақ комитеті мүшелерінің бастамасымен биыл Облыстық балалар ауылында әрлеу-жөндеу жұмыстарын жүргізілді. Балалар да қарап қалған жоқ. Мерекелік концерт, өнер сайыстарын ұйымдастырып, ауыл қонақтарын бір серпілтіп тастады. Ал кәсіподақ ылғи жүйрік ішінен жарып шыққан 18 өнерпаздың әрқайсысына 5000 теңге тұратын тауар сертификатын сыйға тартты.

Жұмыс беруші мен еңбек ұжымы өкілдері кәсіпорындағы әлеуметтік тұрақтылықты сақтау мен нығайтудың маңызды екенін жақсы түсінеді, еңбек ұжымында қоғамдық келісімді қамтамасыз ету, еңбек жанжалдарынының алдын алу бағыттарында өркениетті серіктестік тәсілімен жұмыс істеуге дайын. Біздің жергілікті кәсіптік одақ жылдан жылда өзінің қалыптасу кезеңінінің жаңа деңгейіне көтерілетіне сенеміз.

Кәсіподақ жұмысшылардың мүддесіне қызмет етеді, сенімді қамқоршы, тірегі болып, ешқандай әділетсіздікке жол бермеуге тырысады. Әсіресе жастардың, зейнеткерлердің құқықтарын қорғау керек. Ал экономикалық дағдарыс, әсіресе, өндіріс саласына кері әсерін тигізетіні сөзсіз. Соған қарамастан біз, яғни кәсіподақ, еңбеккерлердің жұмыссыз қалуына жол бермей, еңбек қарқынын тоқтатпауға күш салудамыз.

**Ж.Құдайбергенов**
**«ОСС» ЖШС қызметкерлерінің жергілікті кәсіптік одағы» ҚБ төрағасы**

*Равнение на лучших*

# С БРИГАДОЙ ВСЕГДА НА ЛИНИИ



Встретиться с кабельщиком спайщиком 6-го разряда цеха связи Актау ТОО «Мунайтелеком» – дважды победителем конкурса «Лучший работник связи» – нелегко, он постоянно на линии. Это и понятно, Агиман Досан бригадир аварийной бригады связи, которая обслуживает и контролируют кабели связи проложенные по городу Актау и Мунайлинскому району. Рассказывать о нем – значит рассказывать о развитии телекоммуникационной связи ТОО «Мунайтелеком» на протяжении 35 лет.

Он родился в совхозе имени «Куйбышева» Мангышлакской области в многодетной семье. После окончания школы Досан два года проработал строителем. Далее служба в Советской Армии. Молодым парнем в 1981 году он устроился на работу электромонтером линейной службы 2-го разряда конторы связи Производственного Объединения «Мангышлакнефть». Работа была не из легких, но для крепкого парня, отслужившего в армии, все казалось по плечу – он осуществлял разборку, ремонт, сборку и наладку абонентских устройств, принимал участие в техническом обслуживании и ремонте воздушных и кабельных линий связи, в укреплении и замене опор, выполнял земляные работы.

Благодаря грамотным наставникам - Петру Савинову и Виктору Мухину, - молодой рабочий - Агиман Досан – успешно прошел путь от электромонтера 2-го разряда до бригадира кабельщика - спайщика 6-го разряда цеха связи Актау. Жарким летом, холодной зимой, без праздников и выходных в общем в любое время бригада Агимана оперативно определяет место и характер повреждения на линиях связи и быстро устраняет неполадки.

Агиман Досан дважды был победителем конкурса «Лучший работник связи». Сегодня он непросто отличный семьянин, заботливый отец, любящий муж и любимый дедушка, но и грамотный наставник для молодых специалистов.

Желаем Досану дальнейших трудовых успехов на профессиональном поприще, здоровья крепкого, долгих лет жизни и личного счастья!

**Б.Кулмурынова,**
**ТОО «Мунайтелеком»**

СЕРВИСТІК ҰЙЫМДАРДЫҢ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ - НОВОСТИ СЕРВИСНЫХ ОРГАНИЗАЦИЙ

# ӨНДІРІСТІҢ АЛҒЫ ШЕБІНДЕГІ ОЗАТТАР



«Oil Services Company» ЖШС қарасты Қызыл төбе елді мекенінде орналасқан өндірісті жабдықтау қызметінің негізгі бағыты - өндірісті жер асты жөндеу және бұрғылау қондырғыларының құрал жабдықтарын жәй, күрделі жөндеумен қатар, орталық қоймадан өндірістің сұраныстарына сәйкес бөлінген бөлшектерді кен орындарына, бригадаларға уақытылы жеткізу болып табылады.

Осы салада көп жылдардан бері абыроймен жұмыс жасап келе жатырған қызметкерлеріміз де аз емес. Солардың бірі - өндірісті жабдықтау бөлімінің слесарь-



жөндеушісі Танатар Бақытжанұлы. Ол 1976 жылы Жетыбай кентінде мектеп бітірісімен Маңғыстау бұрғылау мекемесіне жөндеушінің шәкірті болып жұмысқа орналасқан еді. Бір кездері өзі шәкірт болған Танатар бүгінде бірнеше жастарды баулып, өз ісінің шебері ұстаз- тәлімгер болып отыр.

1982-1985 жылдары Гурьев политехникалық техникумының сырттай оқу бөлімін еңбекпен ұштастыра жүріп, мұнай саласы мамандығы бойынша оқып бітірді. 40 жылдан бері бір салада тапжылмастан жұмыс жасап келе жатырған Танатарды темірдің дәрігері десек артық кетпейміз. Ол жөндеген бөлшектердің бойларына қан жүгіріп, жан бітіп қоя береді. Жігітағасы жасындағы жас жігіттей ширақ қимылдайтын Такең күн-түн демей бұрғылау қондырғыларының басына барып та, жөндеу жұмыстарын үлгеріп жатады. Қазіргі таңда Қаламқас кенорнындағы бұрғылау базасының өндірісті жабдықтау қызметінің жоғарғы разрядты слесарь-жөндеушісі болып қызмет атқарып жүрген Танатар Бақытжанұлы ұлдарын ұяға, қыздарың қияға қондырып отырған ардақты әке, аяулы жар. «Жақсының жақсылығын айт нұры тасысын» демекші өз ұжымына, ортасына сыйлы Танатардай азаматтарымыз барда, өзімізге жүктелген жұмысты абыроймен атқарып, серіктестіктін атын асқақтата бермекпіз.

Бұл ұжымда аға буынмен қатар, үлгілі ұстаздардан тәлім алған жас мамандар да бар. Солардың бірі Нұрғали Төреханов өз ісінің шеберлігімен кез-келген жанды тәнті етеді. Осы ұжымда 2012 жылдан бері қызмет етіп келе жатырған Нұрғали жоғарғы разрядты жалғыз фрезеровщик. Фрезер станогінде ол жасай алмайтын бөлшек жоқ десек те болады. Азғантай уақытта өзінің іскерлігімен, ұқыптылығымен, шеберлігімен көзге түскен ол қос станокта жұмысты қатар жасай береді. Әрдайым өзіне берілген жұмысқа жауапкершілікпен қарайтын Нұрғали адал еңбегінің арқасында жас та болса ұжым арасында абыройға ие.

Өндірістің тоқтаусыз жұмыс жасауына, қосалқы бөлшектерді сапалы жөндеп, дер кезінде жеткізіп беріп отырған Танатар, Нұрғали сияқты азаматтардың қосып отырған үлестері көп деп білеміз.

«Еңбек ерлікке жеткізер, Ерлік елдікке жеткізер» демекші өндірісті жабдықтау қызметі бөлімінің барлық жұмысшыларына ерен еңбектері үшін ризашылық білдіріп, зор денсаулық тілейміз.

**«Oil Services Company» ЖШС**

# ӨНЕРМЕН ӨРІЛГЕН ӨМІР ЕКТЕЛГЕН

***Қазақ халқында «тектілік» деген керемет сөз бар. Оның мән – мағынасы қазіргі жаһандану заманында кеңірек ашылып жатпағаны жанға батады. Алайда өзіміз өмір сүріп жатырған ортада осы сөзге дәлел болып келетін жандар аз емес. Өткенімізден бүгінімізге дәстүр жалғастырып жүрген жандардың бірі – Жаңалық Қаржаубайұлы Бисенғұл.***




Ол «Ақниет» қазақ заң колледжінің заңгер мамандығын аяқтап, өзі туған Онды ауылының Мәдениет үйінде қызмет жасап, жүрек қалауымен, туа біткен талантын ұштау мақсатында «Өнер» колледжіне оқуға түседі. Дарынымен дараланған Жаңалық өнерімен бірге «Ойл Трапспорт Корпорейшэн» ЖШС «БТКБ» мекемесінде машинист болып қызмет те қоса жасады. Өнерін әрдайым жанына серік қыла білген ол - «Қаламқас» вокальды аспаптар тобында әнші. Кенорнында өтетін сан түрлі шараларға ат салысып, ортада өз орны бар тұлғаға айналды.

Жаңалықтың шаңырағы – өнерлі отбасы. Жарымен, балаларымен аудан, облыс көлеміндегі өнер сайыстарына белсене қатысып, әулетінің ғана емес, ауылының атағын шығарып жүргенін ауылдастары сүйсіне әңгімелейді. «Әке балаға сыншы» демекші қос ұлы - Жақсыбек пен Ақылбек те өнер ауылынан алыс емес. Жаңалықтың отбасы Маңғыстау облысының мәдениет басқармасының ұйымдастыруымен өткен облыстық «Мерейлі отбасы» атты жанұялық байқауында және Түпқараған ауданының мәдениет бөлімінің ұйымдастыруымен өткен «Екі жұлдыз» байқауында бәйгенің басынан көрінді.

БТКБ мекемесі бойынша «Жас мамандар кеңесінің» төрағасының орынбасары болып сайланған Жаңалық Қаржаубайұлы тәжірибе алмасу, спорттық сайыстар, өнер сайыстары сияқты көпшілік шаралардың ұйымдастырушысы. Осындай іскерлігі мен елгезектігінен болса керек, оның ауыз толтырып айтарлықтай жетістіктері де аз емес. Мәселен, «Хазірет» жастар қоғамдық қоры төрағасы М.Медеуовтың, «Қаламқасмұнайгаз» ӨБ бастығы Н.М.Сәрсенбайдың, Ойл Транспорт Корпорейшэн директоры К.Сатмағанбетовтың атынан және «Мұнай-газ кешені қызметкерлерінің күні» және «Ойл Транспорт Корпорейшэн» серіктестігінің 50 жылдық мерекесіне орай «Алғыс хаттармен» марапатталған.

«Жігітке жеті өнер де аз» деген қазақ мақалы Жаңалық сынды жан дүниесі рухани байлыққа суарылған, ер азаматқа сай қасиеттерді бойына жинаған, ата – баба дәстүрін сақтап өнер көшін жалғастырып келе жатырған, жастарға үлгі болып жүрген қазақ десе қалқанын тік ұстар, ел сүйер азаматтарға айтылған сөз. «Ерім деген ел болмаса, елім деген ұл қайдан тусын» дегендей, осындай азаматтарымыз қандай құрметке де мадаққа да лайық.

**Жанат Жауымбаева**
**Ақшұқұр ауылы**

# ЗОЛОТЫЕ ПРАВИЛА АО «МАНГИСТАУМУНАЙГАЗ»
## ДЕВИЗ ПРАВЛЕНИЯ АО «ММГ»

**«Золотые Правила» - это простой, всем понятный и надёжный способ для предотвращения несчастных случаев и производственных рисков. Эти правила обязательны для соблюдения всеми работниками АО «ММГ» и нашими подрядчиками.**
**Соблюдение «Золотых Правил» - это способ сохранить самое важное - человеческую жизнь. Мы верим, что наши работники, наше руководство, руководители департаментов, а также наши подрядчики проявят ответственность в этом вопросе и будут следовать этим правилам. Безопасность работников всегда была и останется одним из наших важнейших приоритетов.**
**Поэтому, политика АО «ММГ» заключается в следующем:**




БЫТЬ ГОТОВЫМ К РАБОТЕ | БЕЗОПАСНОСТЬ ВО ВРЕМЯ ВОЖДЕНИЯ | НАРЯД-ДОПУСК | ИЗОЛЯЦИЯ ИСТОЧНИКОВ ЭНЕРГИИ | РАБОТЫ В ЗАМКНУТОМ ПРОСТРАНСТВЕ | РАБОТЫ НА ВЫСОТЕ | ДВИЖУЩЕЕСЯ ОБОРУДОВАНИЕ И ОБОРУДОВАНИЕ ПОД НАПРЯЖЕНИЕМ | ГРУЗОПОДЪЕМНЫЕ ОПЕРАЦИИ



**Принципы безопасности производства:**

- **НИКТО НЕ ДОЛЖЕН ПОСТРАДАТЬ!**
- **ПОДУМАЙ, ПРЕЖДЕ ЧЕМ ВЫПОЛНЯТЬ РАБОТУ!**
- **ВЫПОЛНЯЙ РАБОТУ БЕЗОПАСНО, ЛИБО НЕ ДЕЛАЙ ЕЕ СОВСЕМ!**
- **ВСЕГДА ЕСТЬ ВРЕМЯ ВЫПОЛНИТЬ РАБОТУ БЕЗОПАСНО!**
- **ЕСЛИ СОМНЕВАЕШЬСЯ, ВЫЯСНИ! (СПРОСИ)**

**Генеральный директор АО «ММГ»** **Иманбаев Б.А.**

**Первый заместитель генерального директора АО «ММГ»** **Пэй Цзяньшэн**

**Председатель профкома АО «ММГ»** **Айдинов Т.Х.**

# ТАҚТАҚТАР САЙЫСЫ

**Биылғы жылдың қазан айының 27-28 жұлдыздары аралығында Қостанай қаласында облыстық кәсіподақтар орталығының ұйымдастыруымен кәсіподақ жастары арасындағы республикалық алғашқы дебат сайысы өтті.**

Республиканың түкпір-түкпірінен кіл жүйріктер жиналған додаға Маңғыстау облысы атынан «Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамы қызметкерлерінің жергілікті кәсіптік одағы» қоғамдық бірлестігі мүшелері, жас мамандар – Шыңғыс Әбдіров, Ерболат Ещанов, Еркебұлан Бисенов, Анар Нұғманова мен Әсел Сидешова қатысып, қос тілде – қазақ және орыс тілдерінде өткен байрақты бәсекенің екі бірдей бас жүлдесін қанжығаларына байлап келді! Осыған орай, намысқа тырысып, жеңіс тұғырынан көріне білген жігерлі жастармен кездесіп, әңгімеге тартқанбыз. Сол сұхбатты назарларыңызға ұсынамыз.

**- Армысыңдар жастар, жеңістеріңіз құтты болсын! Жақсы хабарды үлкен жетістік, зор қуаныш деп қабылдадық. Компания үшін де, өлкеміз үшін де үлкен абырой. Енді, алдымен, осы сайыс жөнінде қысқаша тоқтала кетсеңіздер, мақсаты қандай, кімдер қатысты?**

**Шыңғыс:**

- Сайыстың негізгі ұйымдастырушысы Қазақстан Республикасы кәсіподақтар федерациясы. Тақырыбы – Қазақстан Республикасындағы еңбек қатынастары. Ал мақсаты - жас кәсіподақ мүшелері арасынан көпшілік алдында сөз алуға қысылмайтын, өз ойын тұшымды жеткізіп, оны дәлелдей алатын жастар өкілдерін анықтау, оларды жергілікті деңгейде кәсіподақ қызметін жандандыруға тарту болатын. Додаға Алматы, Ақмола, Қарағанды, Павлодар, Қостанай облыстарынан жасы 35 дейінгі отыздан астам кәсіподақ белсенділерінің командалары қатысты.

- Ерболат, жалпы көсемсөз өнеріне деген қызығушылығыңыз, тәжірибеңіз бұрыннан бар ма еді? Дайындық қалай болды?

- Әрине, ақпарат құралдары арқылы көрермен ретінде мағлұматымыз бұрыннан бар. Студенттік жылдары университет қабырғасында өзіміз қатыспағанмен ойындарды талай тамашалап, қызықтағанбыз. Осы отырған ешбіріміз де дебат өнерімен кәсіби түрде шұғылданбаған екенбіз. Дегенмен, «бап шабады ма, бақ шабады ма» демекші, шаршыға түсуге тәуекел еттік. Бір айдан астам уақыт бойы, тақырып бойынша түрлі әдебиеттерді ақтарып, білімдерімізді жетілдірдік, өзара ойындар жүргіздік, тәжірибемізді шыңдадық. Қай жарыс, қандай бәсеке болмасын, үміт болады әрине. Шынын айту керек, осы додада бас жүлде тұрмақ алғашқы үштікке кіреміз деген де ой болған жоқ. Қостанайға келіп, өзге қатысушылармен таныса келе, жүлдеге деген үмітіміз су сепкендей басылды. Себебі, қатысушылардың бізден басқасының барлығы осы пікірталас өнеріне бірнеше жыл уақытын арнаған, түрлі сайыстарға қатысып жүдәлі болған, тіпті арасында республика чемпиондары болғандары да бар.

Әйтсе де, бабымыз шауып, бағымыз ашылып, алғашқы кезең - іріктеуден сүрінбей өткен соң, турнирдің жеңімпазы атануға да мүмкіндік бар екеніне көз жетті. Алғашында бізге тәжірибесіз деп менсінбей қарағандардың өзі санаса бастады. Содан, келесі күнгі сайысқа бір түн тағы қызу дайындыққа кеттік. Осы орайда, сайыс күндері бастан-аяқ қасымызда болып, көмек қолын созған, өзі тәжірибелі дебатшы, «Жетібаймұнайгаз» өндірістік басқармасында жұмыс жасайтын әріптесіміз Ықылас Жарылғасов ағамыздың ұлы, Қостанай қаласында жоғары білім алып жүрген Ерлан Жансүгірге ерекше алғысымызды білдіреміз.

**- Еркебұлан, Анар, Әсел, ал сіздер қандай көңіл-күйде болдыңыздар?**



- Ерболат айтқандай, үміт болды, бірақ сенім нық болған жоқ. Іріктеу ойындары британдық парламент форматында өтті, бұл формат біз үшін таңсық болатын. Себебі Ақтауда жүріп дайындалғанда біз американдық форматта жаттыққанбыз. Дегенмен іріктеуден іркілмей өттік, бағымыз жанды. Есесіне, финалдық ойындар американдық парламент форматында өтті, бабымыздың жанғаны сол болды. Жеребе тасталып, қарсыластар анықталғанда қазақ тілді лигада да, орыс тілді лигада да кіл мықтылармен, өткен жылдардың чемпиондарымен иық тірестіруге тура келді. Сөздің парқын түсінетін елдің топырағынанбыз ғой, талай-талай тақтақтарды жаратқан, аталар қолдаған болар, әйтеуір қарсы келгенді шыдатпадық. Ойын біткен соң өзге қатысушылар қолымызды алып: «бірінші рет қатысып жүрген адамдарға ұқсамайсыздар, шындарыңды айтыңдар», - деп тергеп ортаға алып жатты.

Сөйтіп жүлделерді қанжығамызға байладық, онымен қатар иығымызға жауапкершілік те арттық, өйткені бізге табысталған кубоктар ауыспалы, яғни бір жеңімпаздан екіншісіне беріліп тұрады, сондықтан бұл жолы жеңген тарап келер жолғы ойынды оз алаңында ұйымдастырып, өткізуі тиіс. Демек, келесі жылы республикалық пікірталас сайысы Маңғыстауда өтеді.

**- Қадірлі әріптестер! Сайыстың жігерге жігер қосқанын жалын атқан жанарларың айтып тұр. Компания абыройын ғана емес, бүкіл Маңғыстаудың атын алысқа танытып келдіңіздер. Білімді мыңға тұратынын дәлелдеген бұл жеңіс Жас мамандар Кеңесіндегі барлық жастарға үлгі. Осы қалыптарыңнан таймай, биік белестерді бағындыра беріңіздер!**

**Ғ.Әбдісадық**



# БИТВА УМОВ

**Команда АО «Мангистаумунайгаз» приняла участие в новом проекте телеканала «Казахстан-Актау» - IQ ринг. В телепроекте принимают участие 16 сборных, каждая команда представлена четырьмя игроками. После процедуры жеребьевки определился соперник нашей команды – им стала сборная КГУТИ им. Ш.Есенова, представленная профессорско-преподавательским составом.**






IQ ринг – это интеллектуальная игра, состоящая из четырех туров – «көкжиек», «видеовопросы», «ханталапай» и «конкурс капитанов». Тематика вопросов в каждом из туров была самой разнообразной – история Древнего мира, новейшая история, география, банковская сфера, литература и многое другое.

К примеру один из вопросов звучал так:

- 30 октября 1938 года в штате Нью-Джерси транслировалась радиопостановка о нашествии инопланетян. Из шести миллионов человек, слушавших трансляцию, один миллион поверил в реальность происходящего. Возникла массовая паника, десятки тысяч людей бросали свои дома, дороги были забиты беженцами. Телефонные линии были парализованы: тысячи людей сообщали о якобы увиденных кораблях марсиан.

А как назывался роман, по которому была поставлена радиопостановка, и кто был его автором?

Ответ – «Война миров», автор – Герберт Уэллс.

Кстати, на этот вопрос наша команда ответила правильно.

А вот еще один вопрос, заданный игрокам:

- Этот немецкий естествоиспытатель и философ, автор терминов питекантроп, филогенез, онтогенез и экология. Он разработал теорию происхождения многоклеточных (1866 год), сформулировал биогенетический закон, согласно которому в индивидуальном развитии организма как бы воспроизводятся основные этапы его эволюции, построил первое генеалогическое древо животного царства.

О ком идет речь?

Ответ – Эрнст Геккель.

А на этот вопрос правильный ответ дали уже наши соперники.

Итак, после двух туров, обе команды набрали по 90 баллов каждая.

В третьем туре – ханталапай – каждая команда по очереди, в течение двух минут, должна была оперативно, а самое главное – правильно – ответить на максимальное количество вопросов.

Увы, в этом раунде победу за явным преимуществом одержала сборная КГУТИ им. Ш. Есенова – 21:5.

Таким образом, перед заключительным туром общий счет был 111 – 95 в пользу преподавателей.

В завершающем раунде, на вопросы отвечали только капитаны команд, без помощи коллег.

На этот раз удача была на нашей стороне. Капитан АО «Мангистаумунайгаз» не оставил шансов сопернику победив со счетом 15:0.

Увы, но не хватило буквально пары баллов. 111:110 с минимальным перевесом победу одержала команда КГУТИ им. Ш. Есенова.

Да наша команда проиграла, но выступила достойно!

*Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне-25 жыл*

# МЕЦЕНАТ ҚОЛДАУЫМЕН ӨТКЕН ТУРНИР



Тұғырлы Қазақстан өз Тәуелсіздігінің 25 жылын ел болып тойлап, атап өтуде. Қазақ жұрты үшін теңдесі жоқ тарихи мерекеге орай 20-22 қазан аралығында Қаламқас кен орнында «Қаламқасмұнайгаз» өндірістік басқармасы басшылығы қолдауымен, жеке кәсіпкер, меценат азамат Еркін Актілеуовтің демеушілігімен шағын футболдан турнир өтті. Турнирге өндірістегі барлық сервистік компаниялар және өндірістік басқармаға қарасты барлық цехтан командалар, сондай-ақ Маңғыстау ауданының Шетпе құрама командасы да қатысқан болатын.

Турнирді «Қаламқасмұнайгаз» өндірістік басқармасы басшысы Н. Сәрсенбай салтанатты түрде ашып, турнирге қатысушыларға сәттілік тілеп, бұл жарыс күш сынасу емес, достықтың кездесуі екеніне тоқталды. Жарысқа арнайы келген командаларға өз алғысын білдіріп, сәттілік тіледі. Жалпы, кәсіпкер Еркін Актілеуовтің бұл үрдісті дәстүрге айналдырғанын айта кеткен жөн. Өткен жылы да кәсіпкер вахтааралық кезең кезінде ұйымдастырған болатын.

Жарысқа 12 команда қатысып, өз бақтарын сынады. Дегенмен жарыста біреу озып, біреу қалатыны белгілі. Демеушінің байрақты бәйгелерін төмендегі командалар олжалады:

1 орын - кубок, 50 мың тенге – Шетпе командасы.

2 орын - 40 мың тенге – «Семсер» құрамасы.

3 орын - 30 мың тенге – күрделі құрылыс департаменті құрамасы.

Ал номинациялар бойынша Нұрбек Қазиев (ЦДНГ-3) – үздік төреші, Амандық Хожаев («Семсер» құрамасы) - үздік қақпашы, Жарас Шопанов («Шетпе» құрамасы ) - үздік шабуылшы. Қайрат Мәдемиев (ДКС) - үздік қорғаушы атағын жеңіп алды.

Түрнирге келген жанкүйерлер жарысты ұйымдастырушыларға және демеуші азаматқа риза боп, жылда осылай өткізіліп тұрса екен деген ниетпен тарасты.

**Еркін Еңсегенов,**
«Қаламқасмұнайгаз» ӨБ
№3 мұнай газ өндіру цехының операторы




Мұнайлы Өлке

**Меншік иесі:**
**“Маңғыстаумұнайгаз” АҚ**
Редактор: **Есназар Сұлтанов**
Редакция алқасы: **Ғ.Әбдісадық, Ж.Кемалова, С.Ғалидуллин, Е.Қонақбаева**
Дизайнер-беттеуші: **Е.Айтбаев**

**Мекен-жайымыз: 130000, Ақтау қаласы 6 ш.а., № 1 үй, тел: 215-267, 211-230 212-194, 211-938.**

**Газет айына 1 рет шығады. Тегін таратылады**

**Газет ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінде есепке қойылып, № 9675 - Г куәлігі берілген**

- **Газет жарияланымдарындағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді**
- **Редакция оқырман хаттарына жауап бермейді және оны қайтармайды**
- **Жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды**

**Газет АҚ-ның жұртшылықпен байланыс тобының компьютерінде теріліп, беттелді.**

**Индексі: 64265**

**“ATIS” ЖШС баспаханасында басылды. Ақтау қаласы, 17 ш/а. тел: 525500**